

Шектеу іс-шараларын алу және Көлтабан ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2024 жылғы 26 қаңтардағы № 2 шешімінің күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 5 маусымдағы № 11 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Байғанин аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2024 жылғы 5 маусымдағы № 02-08-03/110 ұсынысы негізінде Көлтабан ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі Жарлы ауылының Астана көшесі, Ардагерлер көшесі, Майтүбек көшесі, Желтоқсан көшесі, Ұстаздар көшесі, Бейбітшілік көшесі, Ж. Есенбаев көшесі, 1-Мамыр көшесі, Наурыз көшесі, Ынтымақ көшесі, Қ.Боқанов көшесі, Болатжолы көшесіндегі тұрғындардың жеке мал қоралары орналасқан аумақтарында мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралары жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Көлтабан ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2024 жылғы 26 қаңтардағы № 2 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көлтабан ауылдық округінің әкімі

С. Бітімбай